

**Жакиянова Мейрамгуль Сайлаубаевнаның 6D120100 -  
«Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Постнаталды онтогенез кезеңінде қой және  
қоянның бауыры мен ұйқы безінің васкуляризациясы және  
микроқұрылымы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына**

### **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ**

**Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу.**

Қазіргі морфологияның өзекті мәселелерінің бірі – тіндердің, органдардың және организм жүйелерінің даму заңдылықтарын зерттеу. Жануарлардың ас қорыту мүшелерін онтогенезде және экспериментте зерттеу ерекше практикалық қызығушылық тудырады, бұл олардың өнімділігін арттыру үшін өмірлік процестерді ашу және басқару үшін қажет.

Қазіргі уақытта жануарлардың ішкі ағзаларын олардың түріне, тұқымына, сондай-ақ ұстау жағдайларына байланысты ұйымдастырудың анатомиялық және гистологиялық заңдылықтарын орнатуға арналған зерттеулер ең өзекті болып табылады, бұл қазіргі морфологияның өзекті бағыты, бұл органдардың құрылымының нормаларын зерттеу, олардың жеке өзгергіштік заңдылықтарын көрсетеді .

**Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу.**

Зерттеуіміздің мақсаты постнаталды онтогенез кезеңінде қазақтың жартылай қылшық жүнді құйрықты қойлары және «Великан» тұқымды қояндардың бауыры мен ұйқы безінің морфологиялық ерекшеліктерін анықтау болды.

Ғылыми зерттеу жұмысы 2018-2024 жж. аралығында «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Ветеринария және агроменеджмент факультеті «Ветеринария» кафедрасында, «Агротехнопарк» ғылыми зерттеу орталығында, Инженерлік бейіндегі аймақтық сынақ зертханасы «Радиоэкологиялық зерттеулердің ғылыми орталығында», «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК., Курчатов қаласында орналасқан «Радиациялық қауіпсіздік және экология институты» филиалының лабораториясында, Абай облысына қарасты аудандарындағы жеке шаруа қожалықтарында өсірілген қойларды союға арналған арнайы «Сары» мал сою алаңында, Шығыс Қазақстан облысы, Ақсуат ауылы «Саян» шаруа қожалығында, Семей қаласындағы «Максим» қоян өсіретін шағын шаруашылығында жүргізілген. Барлығы қой және қоянды қосқанда жас ерекшеліктеріне қарай 270 жануарлардан 80 бауыр мен 50 ұйқы безі алынып зерттелінді. Малдың жасы шаруашылықтардың бастапқы құжаттарына және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру порталына қарай анықталды.

Зерттеудің морфологиялық әдістері келесі кезеңдерді қамтыды: сою және қансыздандыру, денені ашу, бауыр мен ұйқы безінің топографиялық орналасуын зерттеу; оларды визуалды бағалау.

### **Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.**

Әр түрлі жастағы қой мен қоянды сою алдында тірідей салмағы өлшенді және сойғаннан кейін алынған зерттеу материалдардың массасы анықталды.

Қойлардың бауыры мен ұйқы безінің құрылымын, топографиясын және тамырлануын зерттеуде морфологиялық зерттеу әдістеріне:

-препараттау, тамырлы жүйені анықтауда контрастты сұйықтықты қолдану арқылы рентгенографиясы;

- гистологиялық препараттарды дайындау;

-электронды микроскоп арқылы бауыр мен ұйқы безінің ультрақұрылымдық сәуле арқылы зерттеулер кеңінен қолданылды

Гистологиялық препараттарды МВІ-1 (20 линзада) және Jenamed-2 (GF-10 окуляры, 20 және 40 окуляры) жарық микроскоптарының көмегімен зерттелінген.

Бауыр мен ұйқы безі құрылымының ультрақұрылымдық ерекшеліктерін зерттеу INCAENERGY-250 рентгеноспектралды микроанализ жүйесі бар JEOL 6390lv растрлық электронды микроскопын сканерлеу арқылы жүргізілді

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 7 ғылыми мақалада жарияланған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда-3; халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда-2; скопус-1.

### **Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.**

Бауырдың және ұйқы безінің постнаталды даму заңдылықтары, олардың макро-, микро - және ультрақұрылымдық жүйесі туралы алынған деректер, сондай-ақ қазақтың жартылай қылшық жүнді құйрықты қойы және "Великан" тұқымды қоянның қанайналым жүйесінің және олардың құрылымы туралы салыстырмалы деректері анатомияны айтарлықтай тереңдетеді. Яғни эволюция теориясының дамуы үшін негізі болып табылады және келесі жағдайларда: түрлік, салыстырмалы және тұқымдық морфофизиологияда және асқорту жүйесінің сыртқы секреция бездерінің патоморфологиясын зерттеулерінде қолданылуы мүмкін.

### **Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі.**

Диссертация 2018-2024 жылдар аралығында жүргізілген зерттеулердің нәтижесі болып табылады. Ізденуші өз бетінше мақсат қойып, зерттеудің міндеттерін анықтады, оны жүргізу жоспары әзірленді. Электронды-микроскопиялық зерттеулерді қоспағанда барлық нақты материалға талдаулар жүргізіліп, мақалалар жазылды.

Алынған зерттеулер нәтижелері бойынша пайдалы модельге 3 патент беру туралы оң қорытынды алынды:

- «Рентген контрасты құралы» №5460 (өтінім №2020/0672.2, 23.10.2020 ж.)

- «Рентген контрасты сұйықтық» №109114 (өтінім №2020/0834.2, 15.09.2020 ж.)

- «Анатомиялық коррозиялық препараттар жасау тәсілі» №9061 (өтінім №2024/0252.2, 26.04.2024 ж.)

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында 4 (төрт) мақала баяндалып талқыланды:

1. Анатомическое строение печени кролика породы «Черный великан» // IV International Scientific and Practical Conference «Science and Education in the Modern World: challenges of the XXI century» (Nur-Sultan, 2019. – P. 90-96).

2. Қоян ұйқы безінің жас ерекшеліктеріне қарай, микроқұрылымдық құрылысы // Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. – 2021. – №1(89). – Б. 47-55.

3. Возрастные изменения микроструктуры печени в постэмбриональном периоде у кроликов // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Biological Sciences» журналы. – 2023. – Vol. 1, №1. – Б. 21-29.

4. Қоянның сілекей бездерінің анатомиялық құрылысы. Омарбеков Е.О. 75 жылдығына арналған «XXI ғасырдағы қазіргі заманғы ветеринария ғылымының жетістіктері: инновациялар, тәжірибе, проблемалар және оларды шешу жолдары» республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 1 секция. // Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті. Семей қаласы. 2021 жыл. – Б. 50-53.

24.0.2019 ж. "Жануарлардың жұқпалы ауруларынан сауықтыру мақсатында өңірдің АӨК салаларында цифрландырудың заманауи элементтерін енгізу және әртүрлі бейіндегі мамандарға білім тарату" тақырыбы бойынша №113-л жобасына қатысты.

22.10.2021 жылы «Ауыл шаруашылық малдардың инвазиялары кезінде ас қорыту жүйесінің сыртқы секреция бездерінің онтогенезінің бұзылуын ескере отырып диагностикалау, емдеу және алдын алу" бойынша инициативті тақырып бекітіліп, келісім-шарт бойынша жұмыстар атқарылған.

Ғылыми (С.М. Сейлгазина) және шетелдік ғылыми кеңесшісімен (Н.В. Зеленецкий) бірлесіп 28.12.2021 ж. «Ветеринария» бағыты бойынша «ҚазҰАУ» РОӘК отырысының шешімімен «Латын, орыс және мемлекеттік тілдердегі халықаралық ветеринариялық анатомиялық номенклатура» оқу құралы баспадан шығарылды.

Жакиянова Мейрамгуль Сайлаубаевнаның диссертациясы жаңа ғылыми деректерді қамтитын елеулі ғылыми зерттеу болып табылады.

**Докторанттың зерттеуші ретінде сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі.**

Диссертациялық жұмыс компьютерлік мәтіннің 121 беттен тұрады. Ол әдебиеттерді, зерттеу материалдары мен әдістерін, өз зерттеулерінің нәтижелерін шолудан, алынған нәтижелерді талқылаудан, қорытындылардан, практикалық ұсыныстардан, тақырыпты одан әрі әзірлеудің ұсынымдары мен перспективаларынан, 174 дереккөзді қамтитын пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады, оның ішінде мемлекеттік, орыс тілінде және шетелдік авторлардан құралған. Диссертацияда 12 кесте, 71 сурет бар.

Алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен құндылығы, зерттеудің дәстүрлі және заманауи морфологиялық әдістерін қолдана отырып, алғаш рет

қазақтың жартылай қылшық жүнді құйрықты қойлары мен "Великан" тұқымды қояндарда бауыр мен ұйқы безінің постнаталды онтогенезінің бірқатар бірегей заңдылықтары анықталғандығында.

### Қорытынды.

Қазақтың жартылай қылшық жүнді құйрықты қойы мен «Великан» тұқымды қоянның сыртқы секреция бездерінің микроқұрылымы туралы алынған деректерді: бауыр ауруларын диагностикалау кезінде; ас қорыту бездерінің түрлік, салыстырмалы және тұқымдық морфофизиологиясы мен патоморфологиясын зерттеу кезінде; қалыпты жағдайда және патология шегін анықтау мақсатында бауырдың морфофункционалды жай-күйін бағалау кезінде; асқазан-ішек жолдары органдарының морфо-физиологиясын зерттейтін зертханаларда; бауыр және ас қорыту жүйесі ауруларының патогенезін зерделеу кезінде; профилактикалық, диагностикалық және емдеу іс-шараларын жүргізу кезінде; жануарлардың анатомиясы мен гистологиясы бойынша оқулықтар, атластар, оқу құралдары мен анықтамалықтар жазу және құрастыру кезінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерін оқу үрдісіне, инновациялық жобаларға енгізуге толықтай болады.

Жоғарыда аталғандардың неізінде Жакиянова Мейрамгуль Сайлаубаевна «Постнаталды онтогенез кезеңінде қой және қоянның бауыры мен ұйқы безінің васкуляризациясы және микроқұрылымы» тақырыбында дайындалған диссертациясы қойылған талаптарға сай орындалған және докторант 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесшісі:  
«Шығыс Қазақстан  
ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы»  
ЖШС басқарма төрағасының  
ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары:

Қолын растаймын  
Персонал жөніндегі менеджер:

ШЫҒЫС №  
«03» 05 2024 ж.



С.М. Сидиқазина

Т.Абильмажинова